

Медициналық қызметтерді ұсыну шарттары, нысаны және оларды төлеу тәртібі туралы мәлімет

4.1. Ақылы медициналық қызметті алу үшін емхананың анықтама, тіркеу орнының тіркеушісі ақылы медициналық қызметтер жөнінде ақпарат алу үшін пациенттерді ақылы медициналық тексеру кабинетіне (3 қабат, 311 кабинет) жібереді.

4.2. Ақылы қызмет бойынша ақпарат алғаннан кейін емхананың баға преискурантына сәйкес қызметті төлеу үшін кассаға жіберіледі.

4.3. Кассирдің қолы қойылған және төлем туралы мөрі бар кассалық кіріс ордерінің сол жақ үзік бөлігі бар төлем туралы түбіртектері және фискалды чекті алғаннан кейін (кассир қол қойған жолдама парағының оң бөлігі емхананың кассасында қалады, жұмыс күнінің соңында бас есепші оны тексереді және оған қол қояды), пациент маршруттық парақты не одан әрі маршрутқа арналған нысанды алу үшін ақылы қызметтер кабинетіне жіберіледі;

4.4. Медициналық қызметтер пациентке маршруттық парақтың сол жақ үзік бөлігін және төлем туралы тиісті құжатты көрсеткен кезде ғана көрсетіледі. Емхананың медицина қызметкерлеріне маршруттық парақсыз және төлемді растайтын құжатсыз пациенттерге ақылы медициналық қызметтер көрсетуге тыйым салынады.

4.5. Медициналық қызмет көрсетілгеннен кейін тікелей медициналық қызмет көрсететін медицина қызметкері нысанға қол қояды. Егер берілген нысанда осы қызметті көрсеткен білікті дәрігердің қорытындысы болмаса, медициналық қызметтер көрсетілмеді деп есептеледі.

4.6. Пациент зертханалық-диагностикалық зерттеу нәтижелерін алғаннан кейін кәсіптік патология дәрігерінің кәсіптік жарамдылығы туралы қорытынды қолын алу үшін ақылы қызметтер кабинетінің нысанын, жеке санитариялық кітапшаны ұсынады.

4.7. Медициналық қызметтер үшін ақы төлеу келесідей жүзеге асырылады:

1) фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын міндетті түрде қолдана отырып және пациентке бақылау чегін беру арқылы касса арқылы қолма-қол есеп айырысу үшін;
2) ақылы қызмет көрсету шартында көрсетілген емхананың ағымдағы шотына аудару арқылы қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша жүргізіледі.

4.8. Төленген соманы қайтару мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) медициналық қарап-тексеру мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде;
2) медициналық қызмет емхананың кінәсінен көрсетілмесе (препараттың болмауы, аппаратураның бұзылуы және т. б.);
3) пациентке медициналық қызметті одан әрі жүргізуге қарсы көрсетілім болғанда;
4) егер пациенттің қалауы бойынша медициналық қарап-тексеруді аяқтамаған жағдайда жүргізіледі.

4.9. Қайтару соманы жазбаша көрсету негізінде сол жақ үзік түбіртектің артқы жағында кәсіптік патолог дәрігерінің мөрімен жүзеге асырылады.